

Ресми рецензент Арысбекова Алтынай Танибергеновнаның 6D120100 - «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін тағайындалуына ұсынылған Калкаева Динара Бактөвнаның «Құстар аспергиллезінің патологиялық морфологиясы және гистохимиялық өзгерістері» диссертациялық жұмысына берілген жазбаша

ПКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|-------|---|--|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | <p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p> | <p>Диссиденттің Калкаева Динара Бактөвнаның «Құстар аспергиллезінің патологиялық морфологиясы және гистохимиялық өзгерістері» тақырыбына жазған диссертациялық жұмысы ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес жазылған.</p> <p>2019-2021 ж. Қазақстан Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми –техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес диссертациялық жұмыс орындалып, жазылған. Жұмыстың тақырыбы: Құстар аспергиллезінің патоморфологиялық және гистохимиялық өзгерістері. №0119РКИ0320, 16.10.2019ж. тіркелген.</p> |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/ коспайды, ал оның маңыздылығы | Ветеринария ғылымы үшін диссиденттың үй және жабайы құстар аспергиллездің патологиялық |

| | | | |
|----|----------------------|---|---|
| | | ашылған/ашылмаған. | анатомиялық, гистологиялық және гистохимиялық ерекшеліктерін зерттеу нәтижелері және аспергиллезге ұқсас аурулардан ажыратып балау жұмыстарын зерттеуі елеулі үлесін қосады. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған | Аспергиллезben табиғи жағдайда ауырып өлген әр түрлі құстардың ішкі мүшелері мен ұлпаларын гистологиялық тәсілмен зерттеген, яғни патологиялық морфологиялық өзгерістерді тыныс алу, азық қорыту мүшелерінде және сірлі кабықтарының беттерінде байқағаны зерттеу нәтижесінің негізін құрайды. Жалпы жазу деңгейі жоғары. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. | Құстар аспергиллезі тұтанған шаруашылыктарда ауруды дер кезінде анықтаудың, таралуын шектеудің маңызы өте зор. Осыған орай, диссертациялық жұмыста құстар аспергиллезінің патологиялық анатомиялық, гистологиялық және гистохимиялық зерттеу – жоғарыда көрсетілген мәселені шешудің бірден-бір жолы ретінде қарастырылып, диссертацияның өзектілігін толықтай сипаттап отыр. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды | Диссертациялық жұмыстың «Ғылыми әдебиеттерге шолу» бөлімінде құстар аспергиллезінің клиникалық - анатомиялық өзгерістеріне қысқыша акпарат берілген. Өзіндік зерттеулер бөлімінде әртүрлі үй және жабайы құстар аспергиллезінің патологиялық анатомиялық, гистологиялық және гистохимиялық өзгерістерін салыстырмалы түрде зерттелінген. |

| | | |
|--|---|---|
| | | <p>Яғни, диссертациялық жұмыстың мазмұны оның тақырыбын толықтай айқындаپ отыр.</p> |
| | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді | <p>Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты әртүрлі үй және жабайы құстар асперgilлезінің патологиялық морфологиясын және кейбір гистохимиялық өзгерісте рін зерттеу. Осы мақсатқа жету үшін аныкталған міндеттер, диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді.</p> |
| | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок | <p>Диссертацияның жұмыстың «Кіріспе», «Ғылыми әдебиеттерге шолу», «Өзіндік зерттеулер», «Зерттеу нәтижелерін бағалау» және талқылау», «Қорытынды», «Ұсыныстар» атты тараулары және оның бөлімдері бір-бірімен ұштасып, бір логикалық жүйеге жинақталып, өзара толық байланысқан және ғылыми еңбектің міндеттерін шешіп, мақсатына жетуге бағытталған.</p> |
| | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | <p>Диссертациялық жұмыстың «Ғылыми әдебиеттерге шолу» атты бөлімінде диссертант қазіргі кезде қолданылып жүрген гистологиялық тәсілдермен зерттеу нәтижелеріне сипаттама берген. «Зерттеу нәтижелерін бағалау» және талқылау» тарауында диссертант өзінің кол жеткізген нәтижелеріне талдау жасаған. Сонымен қатар, ізденуші өзінің жұмысының нәтижелерін басқа зерттеушілердің жұмыстарында жарияланған деректерді салыстыра отырып баға берген.</p> |

| | | | |
|----|-------------------------------------|--|---|
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | <p>Диссертациялық жұмыста бүркіттер мен ителгі құстары аспергиллезінің патологиялық анатомиялық, гистологиялық және гистохимиялық зерттеу нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады.</p> |
| | | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | <p>Диссертациялық жұмыста аткарылған зертханалак және шаруашылық жағдайында алынған нәтижелерге сүйеніп қорытындылар жасалынған. Яғни, диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады.</p> |
| | | <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | <p>Техникалық шешімдері толығымен жаңа және аспергиллезбен өлген әр түрлі жастағы құстарды патологиялық анатомиялық, гистологиялық, гистохимиялық зерттеулердің нәтижелерімен негізделген.</p> |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p> | <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды зертханалық және шаруашылық жағдайында жүргізілген зерттеулерден туындаған, нақты дәлелдемелерге негізілдеген.</p> |
| 7. | Корғауға шығарылған негізгі | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> | <p>Ізденушінің диссертациялық жұмысының нәтижесінде қағидат тиісті зерттеу нәтижелерімен дәлелденген, оны жарияланған жұмыстарынан</p> |

| | | |
|----|---|--|
| | <p>қағидаттар</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жок</p> | <p>көруге болады. Қағидаттардың қолдану деңгейі өте кең, яғни ғылыми зерттеу барысында табиғи жағдайда аспергиллез індегімен өлген 102 құстар өлекселері сойылып зерттелген, оның ішінде тауықтар, күрке тауықтар, қаз балапандары, ителгі, бүркіт құстары сойылып құстар өлекселеріңің ішкі мүшелері патологиялық морфологиялық, яғни гематоксилин-эозинмен бояу арқылы, микроскопилық тексерулер үшін Шифф-реактивін қолдану арқылы санырауқұлактарды анықтаған.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері бойыншы Scopus және Web of Science базасында тіркелген халықаралық, процентиль 82 журналында, сонымен қарап отандық ғылыми журналдарда, №6440, 14.10.2019 ж авторлық куәлікпен дәлелденген.</p> |
| 8. | <p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p> <p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> | <p>Ия. Методикалық түрғыдан алып қарағанда алға қойылған мақсатқа жету үшін ізденуші әдістемелерді дұрыс таңдап алған және әрбір әдіске тиісті сілтемелер келтірілген. Демек, ғылыми нәтижелердің сенімділік дәрежесі тиісті деңгейде.</p> <p>Ия. Аспергиллезben ауырған үй және жабайы құстар аспергиллезін дәстүрлі гистологиялық және гистохимиялық зерттеулерді қолдану арқылы орындаған, оның ішінде, гематоксилин-эозин , ван-Гизон және Шифф – реактив.</p> |

| | | | |
|---|-------------------------------|--|--|
| | | <p>1) ия; 2) жок</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p> | <p>Ия. Диссертацияның қорытындылары өзара байланысқан және олар патоморфологиялық зерттеулермен негізделген және дәлелденген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстағы берілген маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді, олар отандық, алыс және жақын шет елдік ғалымдардың ғылыми жұмыстарына сілтемелер жасау арқылы расталған.</p> <p>Ізденуші диссертациясында 137 ғылыми енбектерді қолданған. Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.</p> |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> | <p>Ия. Орындалған диссертациялық жұмыс мазмұнында теориялық маңызы бар.</p> <p>Ия. Ізденушінің жүргізген зерттеулер нәтижелері ауқымды, жұмыстың практикалық маңызы бар, еліміздің құс шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтарға қолдану аясы өте жоғары.</p> <p>Диссиденттың құрастырған практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.</p> |

| | | |
|-----|---------------------------|---|
| | | <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | <p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p> |

Шешім: Калкаева Динара Бактөвнаның «Құстар аспергиллезінің патологиялық морфологиясы және гистохимиялық өзгерістері» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысының ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы жоғары. Диссертация таланттарға сәйкес рәсімделген, ал жұмыс авторы 6D120100 - «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайык есептеймін.

Ресми рецензент, В.Ф.К.

А.Т.Арысбекованаң қолын растаймын

«КазФЗВИ» ЖШС

John

А.Т.Арысбекова

12.04.2024 ge.



Ф. Е. Сембина